

**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

«Бизнес және құқық» жоғары мектебі

ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

6B04103 -Есеп және аудит

2021-2025 оқу жылына арналған

АЛМАТЫ, 2021

Элективті пәндер каталогы Қазақ ұлттық аграрлық университеті оқу-әдістемелік кеңесінің (хаттама № 5, «20» мамыр 2021 ж.) және Ғылыми кеңесінің (хаттама № 10, «25» мамыр 2021 ж.) шешімдерімен мақұлданған.

Құрастырғандар:

Қалықова Б.Б., Махашов Е.Ш., Кусайнова Ж.А., Жапаркулова Н.К және Шегір Ғ.Б.

Алғы сөз

Элективті пәндер каталогы (ЭПК) Қазақстан Республикасы БҒМ 2018 жылдың 31 қазанында № 604 бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен Білім беру бағдарламасы негізінде Қазақ ұлттық аграрлық университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар бөлімімен құрастырылды.

ЭПК білім алушыларға жеке білім траекториясын құру үшін элективті оқу пәндерін және ПОҚ таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламаларының және ЭПК негізінде білім алушылар эдвайзерлердің көмегімен жеке оқу жоспарын әзірлейді.

Каталог кестесінде жалпы білім беру пәндері (ЖБП) циклінің міндетті, таңдау пәндері, базалық пәндер (БП), кәсіптік пәндер (КП) циклінің жоғары оқу орнының міндетті және таңдау пәндері мен оның баламасының формуляры келтіріледі. ЭПК формулярында пәндердің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі атаулары, пәннің қысқаша мазмұны, пререквизиттері мен постреквизиттері, ПОҚ аты-жөні, кредит саны мен курсты оқу семестрі көрсетілген.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ: «6В04103- ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ»

Берілетін дәрежесі: «6В04103-Есеп және аудит»
білім беру бағдарламасы бойынша бизнес
және басқару бакалавры

1 КУРС

1 семестр – 30 кр.			
Цикл	Коды	Пәннің аталуы	Академ. кредит.
Міндетті компонент – 20 кр.			
ЖБП	ShT 1103	Шетел тілі	5
ЖБП	K(O)T 1104	Қазақ (Орыс) тілі	5
ЖБП	ASBM (ASMP) 1106	Әлеуметтік - саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	8
ЖБП	DSh 1107	Дене шынықтыру	2
ЖОО компоненті – 5кр.			
БП	MM 1201	Микро және макроэкономика	5
Таңдау компоненті - 5 кр.			
ЖБП	KSZhKM 1108	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет	5
	Ekon 1108	Экономика	
	Ekol 1108	Экология	
	TAK 1108	Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі	
2 семестр – 30 кр.			
Міндетті компонент – 17кр.			
ЖБП	KKZT 1101	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	5
ЖБП	ShT 1103	Шетел тілі	5
ЖБП	K(O)T 1104	Қазақ (Орыс) тілі	5
ЖБП	DSh 1107	Дене шынықтыру	2
ЖОО компоненті – 13 кр.			
БП	Men 1202	Менеджмент	5
БП	BEADT 1203	Бухгалтерлік есеп және аудиттің даму тарихы	6
БП	OP 1204	Оқу практикасы	2

Пәндерді сипаттау формуляры

Пәннің коды мен атауы	MM 1201Микро және макроэкономика
Пәннің ПОҚ	Б.М.Асанов, Карымсакова Ж.К., Саяпил А., А.М. Джумабаева
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04103- Есеп және аудит
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	«Адам. Қоғам. Құқық»; Қазақстан тарихы; География (мектеп бағдарламасы)

Пәннің постреквизиттері	Бухгалтерлік есеп және аудиттің даму тарихы; Бухгалтерлік есеп қағидалары
Пәннің мақсаты	Нарық механизмдерінің жұмыс істеу принциптерін, экономикалық ресурстарды тиімді және ұтымды пайдалану проблемаларын, кірістердің бастапқы бөлінуін, экономикалық теңсіздікті, жеке тұтынушыға және салықтық жүйенің тауар өндірушісіне әсерін зерттеу. Экономикалық құбылыстар мен үрдістерді экономикалық теориялар мен модельдер түрінде жүйелеп – қортуға ұмтылады. Макроэкономика экономиканы бір тұтас жүйе ретінде қарастыра отырып, тауарлар өндірісі мен қызметкөрсетудің жалпы көлемін және оның өсуін, инфляция қарқыны мен жұмыссыздық деңгейін, валюталардың айырбас бағамдарымен төлем баласының жағдайын зерттейді.
Пәннің мазмұны	Сұраныс пен ұсыныс теориясының негіздері. Сұраныс пен ұсыныстың икемділігі теориясы. Тұтынушылардың таңдау теориясы. Өндіріс теориясы. Өндірістік шығындар Жетілген және жетілмеген бәсекедегі ұсыныс. Факторлар нарығы. Макроэкономика пәні мен әдістері. Макроэкономикалық көрсеткіштер. Ұлттық табысты өндіру және бөлу. Экономикалық өсу. Макроэкономикалық тұрақсыздық: экономикалық циклдар, жұмыссыздық, инфляция. Қысқа және ұзақ мерзімді кезеңдердегі нарықтық тепе – теңдіктің макроэкономикалық модельдері. AD – AS моделі. AD – AS моделі. Тұтыну және жинақтар. Мемлекеттік бюджет. Фискалдық саясат. Ақшаға сұраныс және ақша ұсынысы. Монетарлық саясат. Нарықтардың өзара әрекеттесуі. IS-LM моделі. Экономикалық циклдер және мемлекеттік қарыз. Төлем балансы және валюта бағамы. Ашық экономика үшін IS-LM моделі. Айырбас бағамының тәртіптері және жиынтық сұраныс. Халықаралық сауда және сауда саясаты.
Пәннің күзiреттiлiгi	<p>Студент меңгергеннен кейiн:</p> <p>Бiлу керек:</p> <p>- микро деңгейде экономикалық дамудың негiзгi заңдарын; макроэкономика пәнін оқу барысында алған бiлiмiн елдегi макроэкономикалық жағдайды және экономикалық өсу жолдарын анықтауда пайдалана бiлу.</p> <p>Бiлуi тиiс:</p> <p>- осы пәнді оқу үдерiсiнде алынған теориялық бiлiмдердi практикада қолдануға; нарықтық экономикалық қатынастардың кеңеюiмен байланысты мемлекеттiң орны, рөлi мен функциясы үнемі өзгерiп отыруына байланысты экономика мен әлеуметтiк ортада орын алатын өзгерiстер мен заңдылықтарға тезiрек бейiмделу арқылы олар жөнiнде дұрыс және әдiл шешiм қабылдай бiлуi керек;</p> <p>Меңгеруi керек:</p> <p>экономиканың нақты көрсеткiштерiн өздiгiнен есептеу дағдылары, оларды талдау және жинақтау мүмкiндiгi;</p> <p>Құзырлы болу:</p> <p>- тиiмдi iскерлiк шешiмдердiң нұсқаларын кәсiби түрде дамыту және негiздеу; экономикалық процестердi бiрiктiру және үлгi құру әдiстерiн қамту; ашық экономикадағы экзогендi және эндогендi айнымалылардың байланысын орната бiлу; қоғамдық</p>

	өндірісте барлық еңбек күші мен жеке еңбек күшінің өнімділігін салыстырмалы түрде талдай білу.
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Исабеков, Б.Н. Адами капитал [Мәтін]: 1-бөлім: оқу құралы / Б.Н. Исабеков, Л.Қ. Мухамбетова; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Астана: Басп. ж., 2017.- 200 б. 2. Көшімова, М.Ә. Макроэкономика [Мәтін]: оқу құралы / М.Ә. Көшімова.- Алматы: Экономика, 2014.- 178 б. 3. Мұхамедиев, Б.М. Макроэкономика [Мәтін]: оқу құралы / Б.М. Мұхамедиев, Р.Т. Дуламбаева, Д.Ж. Рахматуллаева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ.- Алматы: Қазақ университеті, 2011.- 220 б. 4. Ж.Ж. Сулейменов, Карымсакова Ж.К. Микроэкономика, А. 2013 Көшімова, М.Ә. Макроэкономика [Мәтін]: оқу құралы / М.Ә. Көшімова.- Алматы: Экономика, 2014.- 178 б. 5. Ғиззатова, А.И. Макроэкономика [Мәтін]: оқу құралы / А.И. Ғиззатова, А.А. Ким; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Бастау, 2014.- 408 б. 6. Догалов, А.Н. Макроэкономика [Мәтін]: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық / А.Н. Догалов, Н.С. Досмағанбетов.- Алматы: Дәуір, 2012.- 416 б. <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 7. Байгісиев, М.К. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу. Алматы 2010. 8. Ихданов О. Мемлекеттік басқару теориясы Алматы. 2007 9. Есқараев, Ө.Қ. Қазақстан Республикасының нарығын мемлекеттік реттеу: оқулық / - Алматы: Экономика, 2007

Пәннің коды мен атауы	KSZhKM 1108 Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет
Пәннің ПОҚ	Куандықов Б.Ж., Нұрбаева Л.Б., Абдикешов М.К
Пән циклі	ЖБП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6B04103- Есеп және аудит
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	«Адам. Қоғам. Құқық» (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Дипломдық жұмыс (жоба)
Пәннің мақсаты	«Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» пәнін оқып үйрену мақсаты студенттердің қоғамдық және жеке құқықтық сана мен құқықтық мәдениетін арттыру, сондай-ақ антисоциальдық құбылыс ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру бойынша білім мен азаматтық позицияны қалыптастыру болып табылады.

<p>Пәннің мазмұны</p>	<p>Мемлекет пен құқықтың түсінігі мен белгілері. Мемлекет пен құқықтың шығу тегі жөніндегі негізгі теориялар. Объективтік құқық және субъективтік құқық. Құқықтың саясатпен, моральмен, экономикамен байланыстылығы. Құқықтың атқаратын қызметтері (функциялары). Құқықтық жүйе, құқық жүйесі мен заңнама жүйесі түсініктерінің арақатынасы. Нормативтік құқықтық актілердің түсінігі, жалпы сипаттамасы, түрлері мен топтастырылу өлшемдері. Құқық нормасының түсінігі мен белгілері. Құқық нормасының құрылымы. Гипотеза, диспозиция, санкция мен олардың түрлері. Құқықтық қатынас түрлері. Құқықтық қатынастың құрылымы. Құқық қабілеті мен әрекет қабілеті. Құқықтық қатынастың субъектілері мен объектілері. Құқықтық қатынастың мазмұны. Субъективтік құқық пен заңды міндет. Жеке және заңды тұлға. Құқық бұзушылықтың заңды құрамы. Заңды жауапкершілік, оның түрлері. Заңды жауапкершіліктен босатудың негіздері. Қазақстан Республикасының конституциялық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығының негіздері. Қазақстан Республикасының еңбек құқығы негіздері. Қазақстан Республикасының азаматтық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының экологиялық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының жер құқығы негіздері. Халықаралық құқық негіздері, «Сыбайлас жемқорлық» түсінігінің теориялық – әдістемелік негіздері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет субъектілері және олардың құзыреттері. Сыбайлас жемқорлықтың этикалық және типологиялық қырлары және олардың тарау аясы. Сыбайлас жемқорлық – адам құқығын бұзушы фактор ретінде. Сыбайлас жемқорлық – ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіруші ретінде. Сыбайлас жемқорлықтық құқық бұзушылықтар, оның құрамы.</p>
<p>Пәннің күзiреттiлiгi</p>	<p>Студент: Бiлуi тиiстi: адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мiндеттерiн бiлу; Қазақстан Республикасындағы әрекет етушi негiзгi нормативтiк құқықтық актiлердi бiлу, олардың қолдану аясын дұрыс түсiну; халықаралық заңдылықтарды бiлу; құқық салаларын ажырата бiлу, сыбайлас жемқорлықтың мәнiн және оның пайда болу себептерiн; сыбайлас жемқорлықтық құқық бұзушылық үшiн моральдық – өнегелiк және құқықтық жауапкершiлiктi; сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет аясындағы әрекет етушi заңнамаларды. Дағдысы болуы тиiс: моральдық сананың құндылықтарын жүзеге асыруда және күнделiктi тәжiрибеде өнегелiк нормаларды ұстану; өнегелiк және құқықтық мәдениет деңгейiн арттыру; сыбайлас жемқорлықты алдын алудағы рухтық – өнегелiк тетiктердi iске асыру; Құзыретi болуы тиiстi: қарастырылатын әрбiр құқық саласына жүйелi түсiнiк жасай бiлiп, қазiргi ғылыми зерттеулерге сын көзқараспен қарап, тұжырымдар жасай алуға; проблемаларды шешудегi дербестiк пен түпнұсқалық</p>

	және кәсіби деңгейде дербес жоспарлауды және шешуге жетілген құқықтық сана, құқықтық ой – өріс және құқықтық мәдениет негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыру; нақты заң талаптарына сәйкес шешім қабылдау және заңдық әрекетті жүзеге асыру.
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p style="text-align: center;">Құқықтық актілер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 ж 2. Конституционный Закон Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей РК» от 25 декабря 2000 г. (с изм. и доп. по состоянию на 04.12.2017). 3. Закон РК «О противодействии коррупции» 18.11.2015г. 4. Закон РК «О государственной службе Республики Казахстан» 23.11.2015г. 5. Закон Республики Казахстан " О Прокуратуре» от 30 июня 2017 6. Антикоррупционная стратегия Республики Казахстан на 2015-2025годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 26 декабря 2014 года № 986. 7. О Концепции новой модели государственной службы Республики Казахстан: Указ Президента РК от 21 июля 2011г. <p style="text-align: center;">Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 8. Жылқыбай Қ.У. Основы права. А., 2015 9. Уголовное право РК. (Общая часть) Учебник. Ағыбаев А.Н. Алматы 2015. 10. Трудовое право РК. Учебник. Хамзина Ж.А. Жеті жарғы, 2015 11. Кунхожаева Г.Н. Административное право.. Алматы, 2014 12. Сапарғалиев Г.С. Конституционное право РК. А., Жеті жарғы, Қ.Б.Ш. 2014 13. Нравственность как основа становления новой генерации государственных служащих: монография / Кабыкенова Б. С. и др. – Астана: Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, 2014. – 159 с <p style="text-align: center;">Қосымша әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 14. Антикоррупционная правовая политика: учеб. пособие / Е. Алауханов. - Алматы: Заң әдебиеті, 2009. - 256 с.

Пәннің коды мен атауы	Екон 1108 Экономика
Пәннің ПОҚ	Асанов Б.М., Саяпил А.
Пән циклі	ЖБП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04103- Есеп және аудит
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі

Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	«Адам. Қоғам. Құқық»; Қазақстан тарихы; География (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Бухгалтерлік есеп және аудиттің даму тарихы
Пәннің мақсаты	экономиканың үй шаруашылығы, фирмалар, елдер мен әлемдік шаруашылық деңгейінде қызмет етуін және дамуын анықтайтын, экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін ашып көрсететін негізгі базалық ұғымдар мен теориялық ережелерді зерттеу.
Пәннің мазмұны	Экономикалық теорияның пәні және зерттеу әдістері. Қоғамдық өндіріс негіздері. Экономикалық жүйелер. Қоғамдық шаруашылық нысандары. Меншік қатынастары және олардың экономикадағы рөлі. Нарық экономикалық қатынастар жүйесі ретінде. Капитал: мәні және нысандары. Кәсіпкерлік. Еңбек және капитал нарығы. Факторлық табыстардың қалыптасуы. Жер рентасы және кәсіпкердің табысы. Ұлттық экономика жүйе ретінде. Экономиканың циклдік дамуы. Жұмыссыздық және оның нысандары. Инфляция және оның түрлері. Ақша – несие және қаржы жүйесі. Экономикалық өсу. Әлемдік экономика.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Модулді меңгергеннен кейін бакалавр:</p> <p>білуі тиіс: негізгі экономикалық категорияларды; экономикалық талдау әдістері мен әдіснамасын; кез-келген субъект, фирма, мемлекет олардың негізінде шешім қабылдайтын қағидаларды.</p> <p>қабілетті болуы керек: ұтымды ойлауға; экономиканы дамудың экономикалық заңдылықтары негізінде шешім қабылдауға; экономикалық құбылыстарды зерттеу кезінде экономикалық талдау моделін пайдалануға; неғұрлым тиімді шешімдер қабылдау мақсатында экономикалық агенттердің мінез-құлық қалыптастыруға;</p> <p>меңгеруі керек: ұлттық және әлемдік экономиканың даму тенденциялары туралы экономикалық ақпараттарды талдау және оларды сыни тұрғыдан қабылдау дағдыларын;</p> <p>құзыретті болу керек: экономикалық ойлау мәдениетін меңгеруге: көптеген нұсқалардың ішінен неғұрлым ұтымдысын таңдау шешімін, ең негізгісін анықтау мақсатында екінші кезекті мәселені дерексіздендіру; қоғам дамуының жекелеген мәселелері бойынша пайымдауларды әзірлеу үшін деректерді қорытындылау және түсіндіруге қабілеті болу; экономикалық теорияның базалық біліміне сәйкес ақпаратты талдау және қабылдауда, мақсаттар қоюда және жетістіктерге жету жолдарын таңдауда; экономикалық теория білімін ситуациялық және практикалық міндеттерді шешу кезінде қолдану; бакалаврларға оларды одан әрі оқыту үшін қажет, экономикалық проблемаларды зерттеудің жүйелік тәсілдерінің дағдыларын меңгеруге.</p>
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)

Әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Мәуленова, С.С. Экономикалық теория [Мәтін]: 1-бөлім: оқу құралы / С.С. Мәуленова, С.Қ. Бекмолдин, Е.Қ. Құдайбергенов.- 2-бас., өнд.- Алматы: Эпиграф, 2017.- 184 б.
2. Есенғалиева, Қ.С. Экономикалық теория [Мәтін]: оқулық / Қ.С. Есенғалиева; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; Қазақстан-Британ техн. ун-ті.- Алматы: Экономика, 2015.- 576 б.
3. Мэнкью Грегории Н., Тейлор Марк П. Экономикс. 4-халықаралық басылым.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 848 бет.
4. Сагинова, Б.К. Жылжымайтын мүлік экономикасы [Мәтін]: оқулық / Б.К. Сагинова, А.Е. Бименова; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: ҚР Жоғарғы оқу орындарының қауымдастығы, 2014.- 220 б.
5. Есполов, Т.И. Экономикалық теория [Мәтін]: оқулық / Т.И. Есполов, Қ.М. Белгібаев, Ж.Ж. Сулейменов; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: ҚазҰАУ, Айтұмар, 2012.- 261 б.
6. Есполов, Т.И. Экономикалық теория негіздері [Мәтін]: оқу құралы / Т.И. Есполов, Қ.М. Белгібаев, Ж.Ж. Сулейменов; Қазақстан Республикасының білім және Ғылым Министрлігі; Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті.- Алматы: ҚазҰАУ, Айтұмар, 2012.- 300 б.
7. М.В.Ахмедьярова. Экономикалық теория: Оқу құралы /Ахмедьярова М.В., Жоламанов Е.М., Оралтаев Т.; Т.Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университеті. - Алматы, 2016.
8. Есполов Т.И.,Белгібаев Қ.М. Экономикалық теория негіздері. Оқу құралы.2013 ж.
9. Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Экономикалық теория, Алматы, 2015 ж.
10. Мауленова С.С., Бекмолдин С.Қ., Құдайбергенов Е.Қ. Экономикалық теория. Оқулық. – Алматы, 2017 ж.-386 бет.
11. Н.А.Маженова. Экономикалық теория: Оқу құралы /– Алматы: Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, 2015.
12. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауы – 2017 жылғы 31 қаңтар.
13. Е.Б.Жатқанбаев. Экономикалық теория бойынша практикалық оқу құралы.- Алматы, 2014ж.
14. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2012ж.
15. Гриффин Р. Менеджмент. 12-басылым.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 768 бет.
16. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. 10-басылым.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 480 бет.
17. Чепурина М.Н., Киселевой Е.А. Курс экономической теории: Учебник – 7-е изд., дополн. и перераб – Киров: «АСА», 2012 В.

	Қосымша әдебиеттер: 18. Крымова Экономикалық теория: Кестелі оқу құралы. Алматы: Аркаим, 2009.
--	--

Пәннің коды мен атауы	Екoл 1108 Экология
Пәннің ПОҚ	Сайкенов Б.Р., Сагидолдина Ж.Е., Куандыкова Э.М., Усенова Г.А.
Пән циклі	ЖБП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04103- Есеп және аудит
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Биология; Химия (Мектеп бағдарламалары)
Пәннің постреквизиттері	Дипломдық жұмыс (жоба)
Пәннің мақсаты	Экологиялық танымды қалыптастыру, қоғам мен табиғаттың тұрақты даму негіздері туралы терең білім алу, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың заманауи тәсілдері бойынша теориялық және практикалық білім алу.
Пәннің мазмұны	Экология және оның қысқаша даму тарихы. Экология туралы түсінік. Популяциялар экологиясы – демэкология. Популяция туралы жалпы мағлұмат. Популяция құрылымы мен түрлері. Қауымдастықтар экологиясы-синэкология. Синэкологияның зерттеу объектілеріне жалпы сипаттама. Биосфера және оның тұрақтылығы. Биосфера – ғаламдық экожүйе ретінде. Табиғат ұғымына анықтама. Ресурстардың жіктелуі. Табиғат пен қоғамның өзара әсерлесу тарихы. Қазіргі заманның әлеуметтік экологиялық проблемалары. Ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдаланудың маңызы. Жасыл экономика және тұрақты даму. Қалдықсыз және аз қалдықты өндірістік технологиялар.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәннің меңгергеннен кейін бакалавр:</p> <ul style="list-style-type: none"> - біледі: экологиялық ғылымның қалыптасу тарихы және оның мәселелері, табиғатты қорғау және табиғатты тиімді пайдалану; -түсінеді: табиғатта және қоғамда пайда болатын құбылыстардың арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтауды түсіну; - қолдана алады: алынған білімді қойылған міндеттерді шешу үшін, экологиялық процестерді талдау, табиғат пен қоғамның тұрақты дамуының басымдықтары мен міндеттерін қою кезінде қолдану; - құзретті: табиғи ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласында; БиоСфера мен биоалуантүрліліктің тұрақтылығын сақтау және Апатты дағдарыссыз социумды дамыту мақсатында; орта факторларының әсер ету дәрежесін анықтауда құзыретті болу.
Қорытынды бақылау	Емтихан

формасы	
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі әдебиеттер: 1.Оспанова Г.С. Экология: оқулық / Г.С.Оспанова, Г.Т.Бозшатаева.- 2-бас.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 315 б. 2.Жайлыбай К.Н. Экология терминдерінің түсіндірме сөздігі оқу құралы / К.Н. Жайлыбай, С.Қ. Райымқұлова.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 84 б. 3.Баубеков С.Ж. Табиғатты қорғаудағы экология негіздері оқулық / С.Ж. Баубеков, С.Т. Дуйсенбаева.- Алматы: Эверо, 2015.- 308 б. 4. Булекбаева К.Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау оқулық / К.Б. Булекбаева.- Алматы: Эверо, 2015.- 157 б. 5. Экология және тұрақты даму оқулық / А.Қ.Саданов, Н.Ш.Сүлейменова, Н.С.Дәменова; ҚР Білім және ғылым министрлігі.- Алматы: Эпиграф, 2015.- 404 б. 6. Бигалиев, А.Б. Биоэкология "Экология" маман. бойынша ун-т студ. арн. оқулық / А.Б. Бигалиев.- Алматы: Эверо, 2015.- 276 б 7.Экология және тұрақты даму оқулық / М.С. Тонкопий, Г.С. Сатбаева, Н.П. Ишкулова- Алматы: Экономика, 2014.- 316 б.

Пәннің коды мен атауы	ТАК 1108 Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі
Пәннің ПОҚ	Касенов К., Дюсембин Е.А., Жумабаева А.К., Ахмадиева Т.К., Жалғасбаев К.Ж.
Пән циклі	ЖБП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04103- Есеп және аудит
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Биология; Химия; Физика (мектеп бағдарламалары)
Пәннің постреквизиті	Дипломдық жұмыс (жоба)
Пәннің мақсаты	технопарктегі адам қорғаныс принциптерімен антропогендік және табиғи шығудың жағымсыз әсерінен танысу, жайлы өмір жағдайына қол жеткізу. Өмірдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін шешу - адамдардың қызметіне, олардың өміріне және адам мен оның қоршаған ортасын зиянды факторлардың әсерінен қорғау үшін қолайлы жағдайлар жасау. Адам денсаулығы мен өмірі үшін төлейтін кез-келген зиян үшін «адам-мекендеу ортасы» жүйесінде жүйе қалыптастырушы фактор ретінде қарастырылуы мүмкін, оның жұмыс істеуінің түпкілікті нәтижесі және қоршаған ортаның сапа өлшемі.
Пәннің мазмұны	Қазақстан Республикасының ТҚ туралы заңнамасының негізгі ережелері; ТҚ үшін мемлекетаралық стандарттар; өмір қауіпсіздігінің нормативтік-құқықтық базасы; қызметкерлер мен жұмыс берушінің негізгі құқықтары мен міндеттері; өмір қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік басқару функциялары;

	мемлекеттік инспекторлардың құқықтары мен міндеттері.
Пәннің күзiреттiлiгi	<p>Бiлу керек: Адам-экология жүйесiндегi тiршiлiк қауiпсiздiгiнiң теориялық негiздерi, тiршiлiк қауiпсiздiгiнiң заңды, нормативтiк, техникалық және ұйымдастырушылық негiздерi, адамның физиологиясы мен қызмет етудiң ұтымды шарттары, адамдардың жарақатқа, төтенше жағдайлардың зиянды және зиянды факторларын анықтауды</p> <p>Жасай бiлу керек: бақыланатын нормативтiк талаптарға сәйкес келудiң параметрлерi мен деңгейiн бақылап, терiс әсерлерден қорғау құралдарын тиiмдi қолдануға, өндiрiстiң экологиялық қауiпсiздiгiн және экологиялық қауiпсiздiгiн жақсарту жөнiндегi шараларды әзiрлеуге, өндiрiс жүйелерiнiң және объектiлерiнiң тұрақтылығын жақсарту жөнiндегi iс-шаралар жоспарын жасау мен жүзеге асыру</p>
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзiмi	1 академиялық кезең (15апта)
Әдебиеттер тiзiмi	<p>Негiзгi әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Биоэкологиялық мониторинг [Мәтiн]: оқу құралы / Р.Р.Бейсенова, А.Зандыбай, А.Д.Рахешева, Г.Е.Саспугаева.- Алматы: Эверо, 2017.- 188 б. 2.Бейсенова, Р.Р. Экология және тұрақты даму [Мәтiн]: оқулық / Р.Р Бейсенова.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 160 б. 3.Еңбектi қорғау және тiршiлiк қауiпсiздiгi [Мәтiн]: оқулық / Қ.Т.Жантасов, Е.Н.Кочеров, А.С.Наукенова, М.Қ.Жантасов.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 588 б. 4.Чрезвычайные ситуации в природной среде: мониторинг, прогноз, предупреждение [Текст] / М.Ж.Бурлибаев, А.А.Волчек, М.Ю.Калинин [и др.].- Алматы: Каганат, 2011.- 356 с. 5.Еңбектi қорғау және тiршiлiк қауiпсiздiгi [Мәтiн]: оқулық / Қ.Т.Жантасов, Е.Н.Кочеров, А.С.Наукенова, М.Қ.Жантасов.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 588 б. 6.Аманжолов, Ж.К. Еңбектi қорғау және азаматтық қорғаныс [Мәтiн]: 1-том: оқулық / Ж.К. Аманжолов, Д.С. Сыздықбаева, Ж.Ш. Матаев.- Алматы: ССК, 2019.- 232 б.

Пәннің коды мен атауы	Мен 1202 Менеджмент
Пәннің ПОҚ	Есенгазиева С.К., Омаркулова М.Б., Елтаева К.Е.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04103- Есеп және аудит
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	2
Пәннің пререквизиттері	Микро и макроэкономика

Пәннің постреквизиттері	Модуль 5. Экономика және кәсіпкерлік
Пәннің мақсаты	Студенттердің кәсіпорынды ұйымдастыру және басқарудың негізгі принциптері мен әдістерін меңгеру, қазіргі заманғы шаруашылық жағдайында кәсіпорындарды басқару теориясы мен тәжірибесінің негіздерін оқу, жүйелеу және бекіту.
Пәннің мазмұны	Менеджменттің әдіснамалық негіздері. Менеджмент қызмет түрі ретінде. Менеджмент эволюциясы. Ұйым субъект және басқару объектісі ретінде. Менеджменттегі интеграциялық процестер. Ұйымдардағы коммуникация және менеджмент. Менеджмент үдерісіндегі басқарушылық шешімдер. Менеджмент функциялары. Менеджмент жүйесіндегі стратегиялық және тактикалық жоспарлау. Өкілеттіктердің өзара іс-қимылын ұйымдастыру. Менеджменттегі қызметті ынталандыру. Менеджмент жүйесіндегі реттеу және бақылау. Топтық динамика және көшбасшылық. Адам қызметін басқару және топты басқару. Басшылық: билік және ықпал. Көшбасшылық негіздері және басшылық стилі. Қақтығыстар теориясының негіздері. Басқару қызметінің мәдениеті.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр:</p> <ul style="list-style-type: none"> - менеджменттің негізгі ұғымдарын, оның мақсаттарын, міндеттерін, принциптері мен әдістерін; кәсіпорынның стратегиясын әзірлеу; ұйымдағы жеке тұлғаның мінез-құлқы, ұйымдағы басқа адамдармен және топтармен өзара іс-қимыл жасауды біледі; - персоналды басқару қызметін ұйымдастыруды түсінеді; - кәсіпорынды басқару тактикасын қолданалады; - басқару саласында абстрактілі, жүйелі, аналитикалық ойлау қабілеттеріне, қарым-қатынас және командада жұмыс істеу дағдыларына ие ұйым басшысымен көшбасшысы болуға құзыретті.
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Гриффин Р.У. Менеджмент / Р.У. Гриффин; ауд. Г.А.Абдуллина, Ж.Т.Абишева, А.С.Исмагулова [ж.т.б.].- 12-бас.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 768 б. 2. Маркетинг - менеджмент: учебное пособие / под ред. С.А.Абилдина, М.У.Успановой; МОН РК.- Алматы: КазУМОиМЯ им.Абылай хана, 2016.- 287 с. 3. Гэмбл Дж.Э. Стратегиялық менеджмент негіздері: бәсекелік артықшылыққа ұмтылу / Дж.Э. Гэмбл, М.А. Питереф, А.А. Томпсон; ауд. Ж.Кушебаев; "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 536 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық). 4. Уилтон Н. HR-менеджментке кіріспе / Н. Уилтон; ауд. Г.Әбішева, А.Бергалиева, Г.Жолдасбаева [ж.т.б.]; "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры.- 3-бас.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 532 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық). 5. Уркунчиев Е.М. Менеджмент: оқу құралы / Е.М.

	<p>Уркунчиев, Б.Ж. Ахметов, И.Ш. Шоханов; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Эверо, 2017.- 274 б.</p> <p>6. Қосымша:</p> <p>7. Мустафин М.А. Современная теория менеджмента: концепции, модели, подходы, достижения мировых бизнес - школ: учебное пособие / М.А. Мустафин.- Алматы: KazBookTrade, 2015.- 153 с.</p> <p>8. Дамитов С.К. Основы современного менеджмента: учебник / С.К. Дамитов.- Алматы: KazBookTrade, 2014.- 556 с.</p> <p>9. Драчева, Е.Л. Менеджмент: учебник / Е.Л. Драчева, Л.И. Юликов.- 15-е изд., стереотип.- М.: Академия, 2014.- 301 с.</p> <p>10. Есполов Ж.Ж.Сулейменов. Менеджмент. – Алматы. 2014.</p> <p>11. Бердалиев К.Б. Менеджмент / Курс лекций. - Алматы: Экономика, 2016.</p> <p style="text-align: center;">Қосымша әдебиеттер:</p> <p>12. Marketing. Management / Edited by Kotler P, Keller L.L.- Twelfth edition.- New Delhi: Private Limited, 2005.- 120p.</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы	BEADT 1203 Бухгалтерлік есеп және аудиттің даму тарихы
Пәннің ПОҚ	Н.А. Байболтаева, Ғ.Б. Шегір, А.У. Абдимолдаева
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04103- Есеп және аудит
Академиялық кредит саны	6
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	2
Пәннің пререквизиттері	Микро және макроэкономика
Пәннің постреквизиттері	Бухгалтерлік есеп қағидалары; Қаржылық есеп 1
Пәннің мақсаты	Студенттерге бухгалтерлік есептің даму тарихын, бухгалтерлік есептің теориялық негіздерін игеру, аудитінің теориялық негіздерін студенттер оқып үйрену.
Пәннің мазмұны	Бухгалтерлік есептің дамуының негізгі тарихи кезеңдері қамтылады. Аудиттің теориялық негіздерін меңгеруге мүмкіндік туғызатын тақырыптар қамтылады, соның ішінде: Аудиттің мәні, мазмұны және түрлері, Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызметті нормативтік - құқықтық реттеуші жүйе, Бақылау және аудит, Аудиторлық тәуекелдік және маңыздылық, Аудиторлық дәлелдеулерді алу әдістемесі, Аудитті ұйымдастыру және оны жүргізу тәртібі, Аудиттің сапасын бақылау қарастырылады.
Пәннің құзіреттілігі	<p style="text-align: center;">Циклді меңгергеннен кейін білімгер:</p> <p>- білуі тиіс: Бухгалтерлік есептің қалыптасу кезеңдерін, бухгалтерлік есепті реттеу жүйесінің мазмұны мен сипаттамасы туралы толық мағлұматқа ие болу. Аудиттің мақсаты мен міндеттерін, функцияларын және түрлерін, Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызметті нормативтік –құқықтық реттеу жүйесін;</p>

	<p>- дағдысы болу керек: Бухгалтерлік есептің концепциялары мен халықаралық есепті ұйымдастырудың ерекшеліктерін ажырата білу, аудиттегі маңыздылық деңгейін және аудиторлық тәуекелдік деңгейін анықтай білуге, аудиттің жалпы жоспарын және бағдарламасын дайындауға, аудиторлық қорытынды есепті құруға;</p> <p>- құзыретті болу керек: Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есепті нормативтік құқықтық реттеуді ескере отырып әртүрлі экономикалық шешім қабылдауы және ұйымның болашақтағы қызметін жоспарлауы тиіс, халықаралық аудит стандарттарын, аудиторлардың этикалық кодексін, аудиторлық дәлелдеулер алу әдістерін, аудитор жұмысының сапасын бағалауды, аудитордың жұмысын жоспарлауды, сондай-ақ аудиторлық қорытынды есеп құруды меңгеруге.</p>
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Нурхалиева, Д.М. Бухгалтерский учет [Текст]: учеб. пособие / Д.М. Нурхалиева, Б.А. Алибекова.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 308 с. 2. Лесных, О.В. Бухгалтерский учет на предприятиях по хранению и переработке зерна [Текст]: учеб. пособие / О.В. Лесных.- М.: ДеЛи плюс, 2016.- 366 с. 3. Байболтаева, Н.А. Аудит [Мәтін]: оқу құралы / Н.А. Байболтаева; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2015.- 371 б.Айтанаева, А.К. Основы бухгалтерского учета и налогообложение [Текст]: учеб. пособие / А.К. Айтанаева.- Алматы: Айтумар, 2014.- 181 с. 4. Құдайбергенов, Н.А. Бухгалтерлік есепті 1С бухгалтерия программасында жүргізу [Мәтін]: оқу құралы / Н.А. Құдайбергенов, А.А. Жантаева, М.О. Мурсалим.- Алматы: Экономика, 2014.- 194 б. 5. Шәріпов, А.Қ. Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп [Мәтін]: оқулық / А.Қ. Шәріпов; ҚР жоғары оқу орындарының қауымдастығы.- Алматы, 2014.- 596 б. 6. Миддлтон, Д. Бухгалтерский учёт и принятие финансовых решений [Текст]: учеб. пособие / Д. Миддлтон; пер. с англ. и под ред. И.И.Елисейевой.- М.: Аудит; ЮНИТИ, 2014.- 408 с. 7. Байболтаева Н.Ә. Бухгалтерлік есеп негіздері. Оқулық – Алматы, ҚазҰАУ, «Айтұмар» баспасы 2015 ж. 8. В.Л. Назарова. Бухгалтерлік есеп. «Алматыкітап» баспасы, 2011

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ: «6В04103- ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ»

Берілетін дәрежесі: «6В04103-Есеп және аудит»
білім беру бағдарламасы бойынша бизнес
және басқару бакалавры

2 КУРС

Цикл	Коды	Пәннің аталуы	Академ. кредит.
3 семестр –30 кр			
Міндетті компонент – 2 кр.			
ЖБП	DSh 2107	Дене шынықтыру	2
ЖОО компоненті – 15 кр.			
БП	БЕР 2205	Бухгалтерлік есеп принциптері	5
БП	SUEZh 2206	Статистика және ҰЕЖ	5
БП	КК 2207	Қаржыға кіріспе	5
Таңдау компоненті – 13 кр.			
БП	Еко 2208	Эконометрика	4
	KEMSTO 2208	Компьютерде экономикалық мәліметтерді статистикалық тәсілдермен өңдеу	
БП	SSS 2209	Салық және салық салу	5
	SI 2209	Сақтандыру ісі	
БП	BI 2210	Банк ісі	4
	VO 2210	Валюталық операциялар	
4 семестр – 32 кр			
Міндетті компонент–12 кр.			
ЖБП	АКТ 2105	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	5
ЖБП	Fil 2102	Философия	5
ЖБП	DSh 2107	Дене шынықтыру	2
ЖОО компоненті – 15 кр.			
БП	AN 2211	Аудит негіздері	5
КП	КЕ1 2301	Қаржылық есеп 1	5
БП	ОР 2213	Өндірістік практика	5
Таңдау компоненті – 5 кр. (БП – 5кр.)			
БП	AES 2212	Әлеуметтік-экономикалық статистика	5
	KBS 2212	Қаржы - банк статистикасы	

Циклдерді сипаттау формуляры

Пәннің коды мен атауы	БЕР 2205 Бухгалтерлік есеп принциптері
Пәннің ПОҚ	Н.А. Байболтаева, Бейсенбаева А.К., А.У. Абдимолдаева
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04103- Есеп және аудит
Академиялық кредит саны	5

Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Микро және макроэкономика; Бухгалтерлік есеп және аудиттің даму тарихы
Пәннің постреквизиттері	Қаржылық есеп 1; Басқару есебі 1
Пәннің мақсаты	Студенттерді бухгалтерлік есепті жүргізумен, нормативтік базамен регламенттелетін бухгалтерлік есеп және аудит стандарттарымен таныстыру.
Пәннің мазмұны	Бухгалтерлік есеп ақпараттық жүйе ретінде. Бухгалтерлік есептің тұжырымдамалары мен принциптері. Екіжақтылық принципі және баланстық теңдеу. Қос жазба және бухгалтерлік есеп. Есептік цикл және қаржылық есептілікті дайындау. Кірістер мен ақша қаражаттарының есебі. Сатылған өнімнің қорлары мен өзіндік құны. Айналымнан тыс активтер: есебі, тозуы және амортизациясы. Шығыстарды есепке алу. Міндеттемелер мен капиталды есепке алу. Қаржылық есептілікті дайындау
Пәннің құзыреттілігі	<p>Пәнді меңгергеннен кейін студент:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бухгалтерлік есеп туралы заңды, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша заңнамалық және нормативтік актілерді, бухгалтерлік есептің негізгі бастапқы құжаттарын білу; бастапқы деректерді статистикалық өңдеу және топтастыру, макроэкономикалық көрсеткіштерді есептеу және экономиканың жалпы, оның салалары мен секторларының жай-күйі мен дамуын талдау, салааралық теңгерімді жасау; -бухгалтерлік балансты құра білу, жалақыны есептеу және оларды ұстап қалу, тауарлық-материалдық қорларды бағалау, негізгі құралдардың амортизациясын есептеу, қаржылық есептілікті жасау, статистиканың негізгі әдістерін түсіну; сондай-ақ статистикалық деректерді жинау, өңдеу және талдау әдістері. - кәсіби ойлауды қалыптастыруға ықпал ететін бухгалтерлік есептің базалық қағидаттарын, әдістерін және есептеу процедураларын меңгеру – бухгалтерлік ақпаратты дайындауда және пайдалануда ұйымның қаржылық жағдайын бағалауда, нарықтық экономика жағдайында ұйымдастырудың тактикасы мен стратегиясын анықтауда оңтайлы басқару шешімдерін қабылдауда; статистикалық зерттеулерде, микро және макро деңгейлердегі нәтижелерді талдауда және болжауда құзыретті болу.
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Нурхалиева, Д.М. Бухгалтерский учет [Текст]: учеб. пособие / Д.М. Нурхалиева, Б.А. Алибекова.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 308 с. 2. Лесных, О.В. Бухгалтерский учет на предприятиях по хранению и переработке зерна [Текст]: учеб. пособие / О.В. Лесных.- М.: ДеЛи плюс, 2016.- 366 с. 3. Айтанаева, А.К. Основы бухгалтерского учета и налогообложение [Текст]: учеб. пособие / А.К. Айтанаева.- Алматы: Айтумар, 2014.- 181 с. 4. Құдайбергенов, Н.А. Бухгалтерлік есепті ІС бухгалтерия

	<p>программасында жүргізу [Мәтін]: оқу құралы / Н.А. Құдайбергенов, А.А. Жантаева, М.О. Мурсалим.- Алматы: Экономика, 2014.- 194 б.</p> <p>5. Шәріпов, А.Қ. Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп [Мәтін]: оқулық / А.Қ. Шәріпов; ҚР жоғары оқу орындарының қауымдастығы.- Алматы, 2014.- 596 б.</p> <p>6. Kozen, Dexter С. Есептеу теориясы [Мәтін]. 2 бөлім: оқулық / Dexter С. Kozen; аударған Р. Болатбек, Н. Рысбаева, Ә. Рысбаева, Қ. Рысбаева; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.- Алматы, 2014.- 320 б.</p> <p>7. Нажикбаева, К.К. Ауыл шаруашылығының бухгалтерлік есебі [Мәтін] / К.К. Нажикбаева; ауд. М.К.Акишев.- Алматы: LEM, 2014.- 156 б.</p> <p>8. Нұрсейітов, Е.О. Ұйымдардағы бухгалтерлік есеп [Мәтін]: оқу құралы / Е.О. Нұрсейітов.- толықтырып, 2-рет қазақ тілінде шығарылған.- Алматы: lem баспасы, 2012.- 432 б.</p> <p>9. Чайковская, Л.П. Инновациялар:менеджмент,статистика есеп және аудит [Мәтін]: оқу құралы / Л.П. Чайковская, Ү.А. Аманбаев, С.И. Рыбакова; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Бастау, 2012.- 231 б.</p> <p>10. Әбдішүкіров, Р.С. Бухгалтерлік есеп [Мәтін]. 1 кітап: оқу құралы / Р.С. Әбдішүкіров, Б.С. Мырзалиев.- Алматы: NURPRESS, 2011.- 328 б.</p> <p>11. Әбдішүкіров, Р.С. Бухгалтерлік есеп [Мәтін]. 2 кітап: оқу құралы / Р.С. Әбдішүкіров, Б.С. Мырзалиев.- Алматы: NURPRESS, 2011.- 506 б.</p> <p>12. Ныйқанбаева, А. Бухгалтерлік есеп негіздері [Мәтін]: оқу құралы / А. Ныйқанбаева, Л. Қуанышова; ҚР Білім және ғылым м-трлігі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына ұсынады.- 2-бас.- Астана: Фолиант, 2011.- 160 б.</p> <p>13. Оразбекұлы, Б. Бухгалтерлік есеп және аудит негіздері [Мәтін]: оқу құралы / Б. Оразбекұлы; І.Жансүгіров атын. Жетісу мем. ун-ті.- Алматы: Экономика, 2011.- 409 б.</p> <p>14. Шайтова, Н. Статистика (экономика, бухгалтерлік есеп, аудит) [Мәтін]: оқулық / Н. Шайтова; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Астана: Фолиант, 2010.- 216 б.</p> <p style="text-align: center;">Қосымша әдебиеттер:</p> <p>15. Нұрсейітов, Е.О. Ұйымдардағы бухгалтерлік есеп [Мәтін]: оқулық / Е.О. Нұрсейітов.- Алматы: LEM, 2009.- 428 б.</p> <p>16. Әбдіманапов, Ә. Бухгалтерлік және қаржылық есеп принциптері (халықаралық стандарт) [Мәтін]: оқулық / Ә. Әбдіманапов.- Алматы, 2006.- 535 б.</p> <p>17. Байболтаева, Н.Ә. Бухгалтерлік есеп принциптері [Мәтін]: оқулық / Н.Ә. Байболтаева; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; ҚазҰАУ.- Алматы: ҚазҰАУ, 2006.- 365 б.</p>
--	---

Пәннің коды мен атауы	SUEZh 2206 Статистика және ҰЕЖ
Пәннің ПОҚ	Бесенбаева А.К., Шегір Ғ.Б., Кадырбекова М.Б.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6B04103-Есеп және аудит

Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Микро және макроэкономика; Менеджмент
Пәннің постреквизиттері	Әлеуметтік-экономикалық статистика/Қаржы-банк статистикасы; Экономикалық талдау
Пәннің мақсаты	білімгерлерді ғылыми ұйымдастырылған жүйеде статистикалық әдістерді қолдану арқылы нарықтық экономика кезіндегі әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестердің сандық өзгерістерін, сапалық жағымен байланыстыра отырып, зерттеу жұмыстарын қалай жүргізу керек екендігін үйрету
Пәннің мазмұны	Статистика пәні мен міндеттері. Статистикалық бақылау. Статистикалық мәліметтерді жинақтау және топтау. Абсолютті шамалар. Қатысты шамалар. Орташа шамалар. Вариация көрсеткіштері. Ішінара бақылау. Өсіңкілік (динамикалық) қатарлар. Индекстер. Қоғамдық құбылыстардың өзара байланыстылығын статистикалық зерттеу. Халық статистикасы. Еңбек ресурстарының статистикасы. Ұлттық шоттар жүйесі, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер. Ұлттық шоттар – халықаралық.
Пәннің күзиреттілігі	Берілген пәнді меңгергеннен кейін студент келесі дағдылар мен білімдерді: білуге тиіс: статистикалық мәліметтерді жинақтауды, өңдеуді және талдауды, сонымен қатар статистиканың жалпы принциптерін, әдістерін және тәсілдерін; қабілетті болуы керек: алғашқы статистикалық мәліметтерді өңдеуде, макроэкономикалық көрсеткіштерді есептеуде, жалпы экономиканың жағдайын және дамуын талдауда және салааралық балансты құруда; меңгеруі керек: жаппай және ішінара бақылауды ұйымдастыруді; статистикалық кесте мен график құруды; статистикалық деректерге талдауды; әр түрлі әлеуметтік-экономикалық құбылыстар туралы статистикалық көрсеткіштерге есептеу әдістерін қолдана білуді; есептелген көрсеткіштерге қысқаша қорытынды жасай білуді; күзретті болуы керек: статистикалық зертеулерді ұйымдастыруда және өткізуде, олардың нәтижелерін болжауда және талдауда, макроэкономикалық құбылыстарды және процесстерді меңгерудегі әдістерді экономикалық статистикада пайдалануда.
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі әдебиеттер: 1. Дуглас К.М. Сапаны бақылаудың статистикалық әдістері: заманауи кіріспе [Мәтін]: 2-том: оқулық / К.М. Дуглас; ағыл. тілінен ауд. С.Ж.Айжамбаева, Г.Ө.Мұқатай; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- 7-бас.- Алматы: ҚР Жоғарғы оқу орындарының қауымдастығы, 2017.- 404 б. 2. Полякова В.В. Основы теории статистики [Текст]: учеб. пособие / В.В. Полякова, Н.В. Шаброва; МОН РФ; Урал. Федеральный ун-т им. Первого Президента России Б.Н.Ельцина.-

	<p>М.-Екатеринбург: ФЛИНТА: Изд-во Урал. ун-та, 2017.- 148 с.</p> <p>3. Дуглас К.М. Сапаны бақылаудың статистикалық әдістері: заманауи кіріспе [Мәтін]: оқулық / К.М. Дуглас; ағыл. тілінен ауд. С.С.Исакова, А.Т.Трушева, А.А.Оразова [ж.т.б.]; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- 7-бас.- Алматы: ҚР Жоғарғы оқу орындарының қауымдастығы, 2016.- 548 б.</p> <p>4. Шокаманов Ю.К. Статистика [Текст]: учебник / Ю.К. Шокаманов, К.К. Бельгибаева.- Алматы: Экономика, 2016.- 536 с.</p> <p>5. Дүйсенбекова О.О. Өнім және үрдістер сапасын басқарудың статистикалық әдістері [Мәтін]: оқу құралы / О.О. Дүйсенбекова.- Алматы: Айтұмар, 2015.- 184 б.</p> <p>6. Мурсалимова Т.М. Статистика. Индивидуальные задание [Текст]: учеб. пособие / Т.М. Мурсалимова; МОН РК; НОУ Алматы менеджмент унив.- 2-е изд., перераб. и доп.- Алматы: Алла прима, 2015.- 406 с.</p> <p>7. Махамбетов Н.Ә. Статистика [Мәтін]: оқулық / Н.Ә. Махамбетов, Ы.Ә. Әміреев; Қазақстан Республикасының білім және Ғылым Министрлігі; Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті.- Алматы, 2013.- 272 б.</p> <p>8. Ефимова М.Р. Общая теория статистики [Текст]: учебник / М.Р. Ефимова, Е.В. Петрова, В.Н. Румянцев.- 2-е изд., испр. и доп.- М: ИНФРА-М, 2011.- 416 с.</p> <p>9. Статистика в экономике [Текст]: учеб. пособие / А.Ш.Нурсеит, В.Ч-С.Ким, С.И.Рыбакова и др.; Министерство образования и науки РК.- Алматы: Бастау, 2012.- 440 с.</p> <p>10. Мұханбетова С.М. Статистика теориясы [Мәтін]: оқу құралы / С.М. Мұханбетова; Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-дің осы заманғы оқу басылымдары.- Алматы: Экономика баспасы, 2010.- 360 б.</p> <p>11. Статистика (экономика, бухгалтерлік есеп, аудит) [Мәтін]: оқулық / Н. Шайтова; Қазақстан Республикасының білім және Ғылым Министрлігі.- Астана: Фолиант баспасы, 2010.- 216 б.</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы	КК 2207 Қаржыға кіріспе
Пәннің ПОҚ	Елубаева Ж.М., Найманова Ж.Ж., Абитова А.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04103-Есеп және аудит
Академиялық кредит саны	5
Оқыту деңгейі	Күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Микро және макроэкономика, Бухгалтерлік есеп және аудиттің даму тарихы
Пәннің постреквизиттері	Модуль 9. Қаржылық есеп.
Пәннің мақсаты	Қаржы негіздерін, мемлекеттік бюджет, банк және сақтандыру статистикасының теориялық аспектілерін және көрсеткіштерін студенттерге меңгерту

Пәннің мазмұны	Қаржының мәні, қызметтері. Қаржылар түсінігі. Қаржылық саясат және қаржылық механизм. Қаржыларды басқаруды ұйымдастыру. Мемлекеттік экономикалық қызметі. Салықтар және салықтардың жүйесін ұйымдастыру. Мемлекеттік шығындар. Мемлекеттік бюджет. Жергілікті қаржыларды ұйымдастыру. Сақтандыру. Экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеу.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін студент: - білуге тиіс: нарық субъектілерінің экономикалық қызметі нәтижесіндегі қалыптасатын қаржылық қатынастарды оқып білу; - қабілетті болуы керек: қаржы қызметтерінің қалыптастыру жүйесін; - меңгеруі керек: мемлекеттік қаржы саясатының механизмін; - құзретті болуы керек: мемлекеттік қаржылар жүйесін, мемлекеттік бюджет мәні және оны жоспарлау, атқарылуын оқып білу;
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі әдебиеттер: 1. Нұрымов, А.А. Қаржы менеджменті [Мәтін]: оқулық / А.А. Нұрымов, Ж.М. Бұлақбай.- Алматы: Эверо, 2017.- 336 б. 2. Байжолова, Р.Ә. Қаржы [Мәтін]: оқу құралы / Р.Ә. Байжолова, Л.М. Сембиева.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 504 б. 3. Қуашбаев, С. Қаржы [Мәтін]: оқу құралы / С. Қуашбаев, Ә.М. Жұманов.- Алматы: Экономика, 2011.- 672 б. 4. Құлпыбаев, С. Қаржы [Мәтін]: оқулық / С. Құлпыбаев, С.Ж. Ынтықбаева, В.Д. Мельников.- Алматы: Экономика, 2011.- 540 б. 5. Еркімбекұлы, Р. Қаржы [Мәтін]: оқу құралы / Р. Еркімбекұлы; ҚР білім және ғылым м-гі; ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2012.- 200 б. 6. Сапаралиев, Т.Ж. Қаржы: сызбалар және кестелер [Мәтін]: оқу құралы / Т.Ж. Сапаралиев; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Қарағанды, 2014.- 135 б. 7. Вардиашвили, Н.Н. Қаржы - банк есептерін шешудегі математикалық модельдеу және ақпараттық технологиялар [Мәтін]: оқу құралы / Н.Н. Вардиашвили, Е.И. Байкова, Ю.А. Жуненко.- Алматы: Бастау, 2010.- 336 б. Қосымша әдебиеттер: 8. Құлпыбаев, С. Қаржы негіздері [Мәтін]: оқулық / С. Құлпыбаев, В.Д. Мельников.- Алматы: LEM, 2009.- 722 б.

Пәннің коды мен атауы	Еко 2208 Эконометрика
Пәннің ПОҚ	Ахметов К.А., Тойлыбаев Н.С., Тенгаева А.А.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В04103-Есеп және аудит
Академиялық кредит саны	4
Оқыту формасы	Күндізгі

Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Микро және макроэкономика
Пәннің постреквизиттері	Ақпаратты-коммуникациялық технологиялар; Бухгалтерлік есепті цифрлау
Пәннің мақсаты	Студенттерді эконометриялық модельдеу негіздеріне, әртүрлі деңгейдегі экономикалық жүйелердің қызмет ету заңдылықтарын анықтау үшін бақылаудың сандық деректерін қолдануға үйрету, талдау жасайтын экономикалық жүйелердің жағдайы мен дамуын сипаттайтын экономикалық көрсеткіштерді бағалау және болжау әдістерін зерделеу
Пәннің мазмұны	Эконометриканың пәні мен міндеттері. Вариациялық қатардың негізгі сипаттамалары. Сызықтық регрессия және корреляция. Регрессия теңдеуінің коэффициенттерін есептеу үшін ең кіші квадраттар әдісі. Регрессия функциясы және регрессия теңдеуін таңдау әдістері. Екі сызықты регрессия және корреляция. Регрессияның сызықты емес теңдеулері. Сызықтық емес регрессия және корреляция. Көптік сызықтық регрессия және корреляция. Экономикадағы эконометриялық модельдер. Эконометриялық модельдерді оңтайландыру.
Пәннің күзіреттілігі	<ul style="list-style-type: none"> - негізгі ұғымдар мен анықтамалар, эконометрика мен эконометрикалық үлгілеудің негізгі компоненттері, жіктелуі, эконометриканың типтік есептерінің мазмұны мен қойылымы, эконометриканың математикалық-статистикалық құралдары: регрессияның жұп және көпше модельдері, ең аз квадраттардың классикалық және жалпыланған әдісі, уақыт қатарының статистикалық талдауын біледі; - эконометриялық талдау әдістерінің теориялық негіздері және практикалық қолданылуы, эконометриялық талдау жүргізу үшін бастапқы деректерді дайындау әдістемесін түсінеді; - эконометриялық есептеулер және алынған нәтижелерді талдау үшін бастапқы деректерді дайындаудың заманауи ақпараттық технологияларды қолдана алады; - статистикалық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу, олардың нәтижелерін талдау және болжау, сондай – ақ нақты макро-экономикалық құбылыстар мен процестерді зерделеу кезінде экономикалық статистикада осы әдістерді қолдануға күзретті.
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
